

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 224 "Ауыл шаруашылығы статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның 2011 жылғы 23 тамыздағы № 242 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 қыркүйекте № 7215 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 25 қазандағы № 296 Бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Статистика агенттігі Төрағасының 2012.10.25 № 296 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

Мемлекеттік статистиканы оңтайландыру және жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық көрсеткіштерінің қосарлануын болдырмау мақсатында, сонымен қатар «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ауыл шаруашылығы статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 224 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6484 болып тіркелген, 2010 жылғы 9 қарашадағы № 461-468 (26311), 2010 жылғы 12 қарашадағы № 478-482 (26325) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

14 және 15-қосымшалар осы бұйрықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Құқықтық және ұйымдық қамтамасыз ету департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік

тіркелгеннен кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Мамытбеков

2011 жылғы 8 қыркүйекте

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

Төрағаның міндетін

атқарушының

2011 жылғы 23 тамыздағы

№ 242 бұйрығына

1-қосымша

	Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Confidentialность гарантируется органами государственной статистики	Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағаның міндетін атқарушының 2010 жылғы 18 тамыздағы № 224 бұйрығына 14-қосымша				
	Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению	Приложение 3 к приказу исполняющего обязанности Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 18 августа 2010 года № 224				
Аумақтық органға тапсырылады Представляется территориальному органу	Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)					
Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады. Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz .						
	1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық более 40 часов

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақтылы тапсырмау, дәйексіз деректерді беру әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және Қазақстан Республикасы қолданыстағы

2.1 Балық тұқымдарын және тауарлық балық өсіру және өткізу туралы мәліметтерді көрсетіңіз (АШӨСЖ бойынша тобтар 03.00.1, 03.00.2, 03.00.3, 03.00.4)

Укажите сведения о выращивании и реализации рыбопосадочного материала и товарной рыбы (группы 03.00.1, 03.00.2, 03.00.3, 03.00.4 по СКПСХ)

Балықтың түрлері Виды рыбы	АШӨСЖ коды Код по СКПСХ	Ө с і р у Выращено			Өткізілгені Реализовано	
		заттай көріністегі в натуральном выражении	қолданыстағы бағамен, мың теңге в действующих ценах, тысяч тенге	өткен жылғы орташа жылдық бағамен, мың теңге в среднегодовых ценах предыдущего года, тысяч тенге	заттай көріністегі в натуральном выражении	қолданыстағы бағамен, мың теңге в действующих ценах, тысяч тенге
А	Б	1	2	3	4	5

2.1.1 Питомниктер мен басқа да су айдындарында балық тұқымдары, мың дана

Рыбопосадочный материал в питомных и других водоемах, тысяч штук

2.1.2 Құнды балықтардың жас шабақтары, мың дана
Молодь ценных рыб, тысяч штук

2.1.3 Тауарлық балық, килограмм
Товарная рыба, килограмм

2.2 Кәсіпшілік балықты қорғау мен өсіруге шығындарын көрсетіңіз, мың теңге

Укажите затраты на воспроизводство и охрану промысловых рыб,
тысяч тенге

2.2.1 Материалдық шығындар

Материальные затраты

2.2.2 Негізгі құралдардың тозуы

Амортизация основных средств

2.2.3 Еңбек ақы

Оплата труда

2.2.4 Басқа шығындар

Прочие затраты

2.3 Су айдындарының көрсеткіштері

Показатели водоемов

Жолдың коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Өлшем бірлігі Единица измерения	Заттай көріністегі В натуральном выражении
А	Б	В	1
1	Есепті жылдың аяғындағы балықты өсіретін су айдындарының жалпы ауданы Общая площадь водного зеркала водоемов по выращиванию рыбы на конец отчетного года	гектар гектаров	
2	Есепті жылғы балықтары ауланған су айдындарының көлемі Площадь обловленных водоемов в отчетном году	гектар гектаров	
3	Есепті жылдың аяғындағы питомниктер мен балық тұқымын өсіретін басқа су айдындарының ауданы Площадь питомных и других водоемов по выращиванию рыбопосадочного материала на конец отчетного года	гектар гектаров	
4	Есепті жылдағы шабақтар жіберілген су айдындарының ауданы Площадь зарыбленных в отчетном году водоемов	гектар гектаров	
5	Балықтарды қоректендіруге жұмсалған барлық түрдегі жемдердің шығыны – барлығы Израсходовано всех видов кормов для кормления рыбы - всего	килограмм килограмм	
6	тауарлық балықтарға товарной рыбы	килограмм килограмм	
7	шабақтарға рыбопосадочного материала	килограмм килограмм	

А т а у ы

М е к е н - ж а й ы

Наименование _____

Адрес _____

Тел.: _____

E-mail.: _____

Орындаушының аты-жөні және телефоны

Фамилия и телефон исполнителя _____ Тел. _____

Басшы (Аты-жөні, тегі, қолы) (Аты-жөні, тегі, қолы)

Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____

Бас бухгалтер (Аты-жөні, тегі, қолы)

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С т а т и с т и к а

а г е н т т і г і

Т ө р а ғ а с ы н ы ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 3

т а м ы з д а ғ ы

№ 2 4 2 б ұ й р ы ғ ы н а

2-қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С т а т и с т и к а

а г е н т т і г і

Т ө р а ғ а н ы ң м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы н ы ң 2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 8 т а м ы з д а ғ ы № 2 2 4

б ұ й р ы ғ ы н а

15-қосымша

«Балық аулау және акваөсіру туралы» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 0111104, индексі 1-балық, кезеңділігі жылдық)

1. Осы нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7) тармақшасына сәйкес дайындалды және жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың «Балық аулау және акваөсіру туралы» (коды 0111104, индексі 1-балық, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысанын толтыруды жан-жақты көрсетеді.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қ о л д а н ы л а д ы :

1) ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (тауарлардың және қызметтердің) статистикалық жіктеуіші (бұдан әрі - АШӨСЖ) - экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді жіктеу және кодтау тәртібін белгілейтін жіктеуіш. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі жіктеуішті экономикалық қызмет түрлерімен өнімнің функционалды өзара байланысын зерттеу үшін, ауыл, орман және балық шаруашылықтарының өнімдері бойынша статистикалық мәліметтердің халықаралық салыстырымдылығы үшін п а й д а н ы л а д ы ;

2) акваөсіру – тауарлық өнім алу, биологиялық су ресурстары мен рекреация қорларын толтыру мақсатында, сондай-ақ медициналық мақсаттарда қолдану үшін адамның толық немесе ішінара бақылауымен жүзеге асырылатын балықты, басқа су жануарларын, өсімдік және су балдырларын көбейту, баптау және өсіру б о й ы н ш а қ ы з м е т т ү р і ;

3) ауланған балық – балық шаруашылығы су айдындарында ауланған балық ресурстары мен басқа су жануарларының көлемі;

4) балық аулау – балық ресурстары мен басқа су жануарларын аулау;

5) басқа қызмет түрлері – балық аулау және акваөсіру қызметтер көрсетуден басқа, жүзеге асырған кәсіпорын қызметінің түрлері.

6) тауарлы балық – азық өнімдері ретінде өткізілетін, бақыланатын немесе ішінара бақыланатын жағдайларда өсіріп шығарылған және (немесе) өсірілген к е з - к е л г е н б а л ы қ .

3. Статистикалық ақпаратты экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі-ЭҚТЖС) коды бойынша негізгі және қайталама қызмет түрлері «балық шаруашылығы және акваөсіру» болып табылатын барлық заңды тұлғалар және олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, жеке кәсіпкерлер және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаты және (немесе) балық шаруашылығын жүргізуге келісімөшарты бар жеке тұлғалар есепті жылдан кейін ақпанның 10-нан кешіктірмей табыс етеді. Жаңадан құрылған ұйымдар статистикалық ақпаратты тіркелген күнінен есепті мерзімнің соңына дейін табыс е т е д і .

Егер құрылымдық бөлімше дербес теңгерім жүргізген жағдайда және оған заңды тұлға статистикалық нысанды тапсыру жөніндегі өкілеттіліктер берілсе, онда ол осы есепті өзінің орналасқан жері бойынша статистика органына тапсырады. Егер құрылымдық бөлімшенің есептілікті тапсыру бойынша өкілеттілігі жоқ болса, онда заңды тұлға өздерінің тұрғылықты жері бойынша статистика органына құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде олардың орналасқан жері көрсетілген статистикалық нысанды тапсырады.

4. Бөлімдер бойынша деректер АШӨСЖ сәйкес толтырылады (кәсіпорын жолдар бойынша өнім түрін толтырады, статистика органдарымен тиісті код т о л т ы р ы л а д ы) .

1.1 бөлімнің 1 бағанда ауланған балықпен қоса басқа да теңіз өнімдерінің барлық салмағы килограммдарда бір ондық белгімен көрсетіледі. Заттай көріністегі өнімдер бойынша көрсеткіштерді толтырған кезде, өнімдердің нақты түрлері бойынша деректерге барлық өнімдер, соның ішінде тауарлық өнімдер шығару бойынша көлемін көрсетумен бірге осы кәсіпорынның ішкі өндірістік қажеттеріне жұмсалғандар қосылатынын ескеру қажет.

2 бағанда барлық балық және басқа да теңіз өнімдерін өткізу заттай бір ондық белгімен көріністе, 3 және 4 бағандар құндық көріністе көрсетіледі.

3 бағанда есепті жылдың бағалар өткізілген балық және балық аулау баға көрсету, 4 бағанында - орташа жылдық бағасы өткен жылдың. Орташа жылдық бағасы өткен жылдың сапасы өткізілген балық және балық аулау бағасы пайдаланады, өткен жылда сауалмаға жауап беруші дайындалған. Егер сауалмаға жауап беруші өткен жылда балықты және балық аулау өткізілген жоқ, 4-баға 3-бағаға бі р д е й а л ы н а д ы .

1.2 бөлімде балық аулау және балық шаруашылығының өніміне жұмсалған барлық нақты шығындар, сондай-ақ, өнімдерді өндіруге байланысты өзіндік құн қосылатын шығындар көрсетіледі. Бұл жолда өнімнің өндірістік өзіндік бағасына кірмейтін мерзім шығындары есептелмейді. Оларға, мәселен, жалпы және әкімшілік шығындар, өнімді өткізу шығындары, пайыздарды өтеу шығындары ж а т а д ы .

«Материалдық шығындар» 1.2.1 жолында: көлік шығындары, құрал-сайман, байланыс құралдарын, жанар-жағар май және мал азығын сатып алу, жасанды уылдырық шашқыш қондырғысының шығындары, жер жұмыстарын жүргізу, балық қорын сақтау және ұдайы өндірудің жағдайын жақсарту мақсатында артық өсімдіктерді шабу, су қоймаларындағы қырылу көріністерімен күресу шараларын жүргізу, сондай-ақ, ғылыми жұмыстар жүргізуге, балық қорғау және өсіруге байланысты шығындар көрсетіледі.

«Негізгі қордың тозуы» 1.2.2 жолында алғашқы бағасына және мөлшерлі қызмет жасау мерзіміне негізделіп негізгі қордың тозуына есептелген жалпы с о м а к ө р с е т і л е д і .

«Еңбек ақы» 1.2.3 жолында кәсіпорын қызметкерлеріне ақшалай да, заттай да төленген еңбек ақыға, іссапар төлемдеріне жұмсалғаны көрсетіледі.

«Басқа шығындар» 1.2.4 жолында өнім (тауар, қызмет) өндіру кезінде кәсіпорын жұмсаған, өзінің сипаты бойынша жоғарыда аталған шығындардың ешқайсысына жатқызыла алмайтын, басқа барлық шығындар жазылады.

5. 2.1.1 бөлімшесінің жолындағы деректер қыстайтын тоғандарда, қыстауға

лайықталған суаттарда, қыстау комплекстерінде ақырғы балық аулау өткеннен кейін көрсетіледі. Көктем мерзімінде, екіжылдық деп аталатын, салмағы стандартқа жетпеген, шаруашылықта әрі қарай өсіруге қалдырылған, қыстап шыққан екі жастағылар балық отырғызу материалы болады. Балық отырғызу материалын санау балық шаруашылығында жалпы қабылданған әдіспен жүргізіледі.

2 бағанда балық тұқым материалының, бағалы балық шабағының және тауарлы балықтың құны есепті жылдың бағаларында, 3 бағанда - өткен жылдың орташа жылдық бағаларында көрсетіледі. Өткен жылдың орташа жылдық бағалары ретінде өткен жылда респонденттің шаруашылығында қалыптасқан өсіру бағалары қолданылады. Егер респондент өткен жылы балық тұқым материалының, бағалы балық шабағының және тауарлы балықтың сол немесе басқа түрлерін өсірумен айналыспаса, онда 3 баған 2 бағанға тең деп қабылданады.

2.1.2 бөлімшесінің жолындағы өз шаруашылығының қыстайтын тоғанынан алдын-ала ауланған немесе сырт жерден сатып алынған біржылдық және екіжылдықтарды жайылма қоймаларына отырғызу жөніндегі деректер көрсетіледі.

2.1.3 бөлімшесінің жолындағы өсірілген тауарлық балықтың көлемі туралы деректер көрсетіледі.

6. 2.2 бөлімшесінде кәсіпшілік балықты қорғау мен өсіруге кеткен нақты шығындарды көрсетеді.

7. 2.3 бөлімшенің 1 жолында – меншіктегі және бекітілген алаң (өсіру және жайылма тоғандары, бассейндер, тұқымдық және шырлану көлдері мен өзге суаттар), есеп беретін жылы олар қолданылды ма жоқ па оған байланыссыз, көрсетіледі.

2 жолында есепті жылы тауарлық балықтар ауланған су қоймаларының ауданы көрсетіледі.

3 жолында меншікті балық отырғызу материалдарын өсіруге арналған меншікке бекітілген балық тұқымын өсіру алаңдары мен басқа суаттардың (жетілдіру, аналық, қыстайтын, уылдырық шашатын, уылдырық шашу алдындағы, шабақ тоғаны, балықты тірілей сақтайтын тоғандар), есеп беретін жылы олар пайдаланды ма жоқ па, оған байланыссыз, барлығы көрсетіледі.

4 жолында есеп беру жылындағы тауарлық салмаққа жеткізу үшін жетілдіруге жіберілген жас балықтар өсетін, жетілдіруге жіберілгеннің санына байланыссыз, су қоймалары айдыны көрсетіледі.

5-7 жолдарда балықтарды қоректендіруге жұмсалған жемазық саны көрсетіледі.

8-10 жолдарда суға ендірілген минералды және органикалық тыңайтқыштар

с а н ы

к ө р с е т і л е д і .

11-13 жолдарда балық шаруашылығының мақсаты үшін жаңадан тұрғызылған және қалпына келтірілген су қоймаларының алаңы көрсетіледі.

8. 3 бөлімде балық аулау мен акваөсіру саласындағы басқа заңды немесе жеке тұлғаларға көрсетілген қызмет көлемі көрсетіледі:

03.00.71 - Балық аулау саласындағы қызметтер яғни жағалаудағы немесе ішкі сулардан балық аулау, теңіз және тұщы су шаян тәрізділерін, моллюскілерін ұстау , балық қорғау және балық қадағалау қызметтері.

03.00.72 - акваөсіру саласындағы қызметтер яғни балық питомниктерде балық тұқымдарының өсіру, балық фермаларында балықты (декоративтік балықты қоса) өсіріп жетілдіру, балық өсіруге байланысты орындалған қызметтері.

1 бағанда көрсетілген қызметтің құны есепті жылдың бағаларында, 2 бағанда - өткен жылдың орташа жылдық бағаларында көрсетіледі. Өткен жылдың орташа жылдық бағалары ретінде респонденттің өткен жылда көрсеткен аналогиялық қызмет көрсету бағалары қолданылады. Егер респондент өткен жылы аналогиялық қызметтер көрсетпеген болса, онда 2 баған 1 бағанға тең деп қ а б ы л д а н а д ы .

9. 4 бөлімде кәсіпорын есепті жылы жүзеге асырған немесе көрсеткен басқа қайталама қызмет түрі бойынша өнім (тауарлар, қызметтер) өндіру көлемі к ө р с е т і л е д і .

Бұл деректер өндірілген өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) көлемі көрсетілетін бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырылады.

10. Арифметикалық-логикалық бақылау

1) 1.1 бөлім «Балық және басқа теңіз өнімдерін аулау және оларды өткізу деректері» :

$$\text{баған 1} \geq \text{баған 2}$$

егер 2-ші бағанда деректер болса, онда 3-ші және 4-ші бағандар толтырылған б о л у к е р е к .

2) 2.1 бөлім «Балық тұқымдарын және тауарлы балықты өсіру мен өткізу деректері» :

егер 1-ші бағанда деректер болса, онда 2-ші және 3-ші бағандар толтырылған б о л у к е р е к .

$$\text{баған 1} \geq \text{баған 4}$$

егер 4-ші бағанда деректер болса, онда 5-ші баған толтырылған болу керек.

3) 2.3 бөлім «Су айдындарының көрсеткіштері».

$$5 \text{ жол} = 6 \text{ жол} + 7 \text{ жол}$$

$$8 \text{ жол} = 9 \text{ жол} + 10 \text{ жол}$$

$$11 \text{ жол} = 12 \text{ жол} + 1 \text{ жол}$$

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК